

1993 жылы туылған азаматтардың әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 12-9 шешімі. Алматы облысы Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 2-2-98 тіркелді

Қазақстан Республикасының “Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы” Заңының 17 бабындағы 3 тармағына сәйкес, 1993 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды уақтылы және сапалы жүргізу, сондай-ақ жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да жасақтарға және әскери қалыптасуларға әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту мақсатында қала әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2010 жылғы қаңтар-наурыз айларында 1993 жылы туылған, сондай-ақ бұдан бұрын тіркеуге алынбаған жасы ұлғайған азаматтар әскерге шақыру учаскелерінде **т і р к е у г е** **а л ы н с ы н .**

2. Қалалық ішкі істер бөлімі (М. Б. Құсаинов) (келісім бойынша):

1) 2010 жылғы 15 қаңтарға дейін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімде есепте тұрған жастардың тізімін берсін.

2) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге, әскерге шақыру учаскелерінде тізімге тұрудан жалтарып жүрген жастарды іздестіруге көмек көрсетсін.

3. “Қапшағай қалалық ауруханасы” мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (Ә. С. Уәлиханов) (келісім бойынша):

1) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге тізімге алынушыларды медициналық тексеруден өткізу кезінде жан-жақты көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар жоспарын **ә з і р л е с і н ;**

2) 2010 жылғы 15 қаңтарға дейін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге 1993 жылы туылған жастарға, амбулаториялық есепте тұрған науқастанушылардың медициналық құжаттарын, сондай-ақ туберкулез, наркологиялық, тері-венерологиялық, психоневрологиялық диспансерінде, жасөспірімдер кабинеттерінде, сонымен қатар жұқпалы науқастар ауруханасында есепте тұрған жастардың тізімін тапсырсын;

3) тіркеуге алуға дейін 1993 жылы туылған барлық жастарды қажетті медициналық **т е к с е р у д е н** **ө т к і з с і н ;**

4) ауыратыны анықталған жасөспірімдердің арасындағы сауықтыру жұмыстарын тікелей медициналық тексеру кезінде бастап, олардың тізімін осы жасөспірімдердің тұрғылықты жерлеріндегі емхананың маман-дәрігерлеріне тапсырсын.

4. “Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі”

мемлекеттік мекемесі (Г. Б. Соппекова):
қорғаныс істері жөніндегі бөлімге, мүгедек деп танылған 1993 жылы туылған жастар туралы мәліметтер тапсырсын.

5. “Қапшағай қаласының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесі (Р. С. Ешімова):

1) тіркеуге алу кезінде орта білімі жоқ жастарды анықтау үшін қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге мұғалімдер бөліп, олардың оқуын ұйымдастырсын;

2) 1993 жылы туылған жастар арасында әскери оқу орындарына түсетін үміткерлерді іріктеп алу жұмысын жүргізісін.

6. “Қапшағай қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесі (Н. Ю. Н о с о в а) :

1) кәсіпорындарда, ұйымдарда және оқу орындарында әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жастардың дайындығын ұйымдастырсын;

2) тіркеуге алу кезінде шақырылушы жастар арасында әскери-патриоттық сұрақтар бойынша тәрбиелік және түсініктеме жұмыстарын ұйымдастырып өткізсін.

7. Қапшағай қаласының әділет басқармасында 2009 жылдың 12 қаңтардағы № 2-2-74 нөмірімен мемлекеттік тізілімде тіркелген, «1992 жылы туылған азаматтардың әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы» қала әкімінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 12-38 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2009 жылдың 15 қаңтарында «Қапшағай» газетінің 1 н ө м і р і н д е ж а р и я л а н ғ а н) .

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары І. С. С ү г і р о в к е жүктелсін.

9. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Таубаев Н.А.